

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда сату тәртібі туралы Уақытша ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

ҚАУЛЫ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 10 қарашадағы N 148 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 22 қараша N 5 тіркелді. Күші жойылды - ҚР жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.02.07 N 37 қаулысымен. ~V960153

1993-1995 жылдарға (2 кезең) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын іске асыру және акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда ақша қаражатына сатуды нәтижелі жүзеге асыру мақсаттарында, Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі Мемлекеттік комитетінің 1995 жылғы 9-тамыздағы N 60 Қаулысымен V950106_ бекітілген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитетімен 1995 жылғы 25-шілдеде келісілген, акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату тәртібі туралы Уақытша ережеге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

I тараудағы "Жалпы Ережелерге":

1 . 4 2 - б а п т а ғ ы :

"б" - тармақшасындағы "олардың алғашқы, негізгі, тәуелді және артықшылықтары бар адамдары" деген сөздер алынып тасталсын;

"д" - тармақшасындағы "және оның алғашқы, негізгі тәуелді және артықшылықтары бар адамдары" деген сөздер алынып тасталсын;

III тараудағы "Аукционды өткізуге дайындық":

3.2. 1-баптағы "45 күн" деген сөздер "30 күн" деген сөздерге ауыстырылсын;

3.2. 4-баптағы, "а" - тармақшасындағы "осы АҚ-ның акцияларын сатып алған, бірақ акционерлер тізіміне қосылмаған инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ақпаратты қоса отырып, (сатушының осы АҚ-ды аукционға шығару туралы шешім қабылдау күшіне) дауыс беруші акциялардың кем дегенде 5%-не ие акционерлер туралы акционерлер тізімінен көшірмедегі" деген сөздер алынып тасталсын. VI тараудағы "Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түскен қаражаттар". 6. 1-бап мына редакцияда жазылсын: "Акциялардың мемлекеттік

пакетін сатудан түскен қаражаттар арнайы шоттарға салынады және сауданы ұйымдастыру мен өткізуге шыққан шығындарды өтегеннен кейін толық мөлшерде Республикалық бюджеттің табысына жіберіледі". 2. Осы қаулының орындалуына бақылау Жаппай жекешелендірудің жетекші басқармасына жүктелсін.

Т ө р а ғ а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК